

Тимирязев ауданы Тимирязев ауылдық округі Тимирязев ауылының жаңа көшесінің атауы туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Тимирязев селолық округі әкімінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі N 30 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 18 мамырда N 13-12-151 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбында және барлық мәтін бойынша "селосы", "селосының", "селолық" сөздері "ауылы", "ауылының", "ауылдық" сөздерімен ауыстырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Тимирязев ауылдық округі әкімінің 02.07.2018 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, халық пікірін ескере отырып, ауылдық округінің әкімі **ШЕШІТІ**:

1. Тимирязев ауылының аумағында салынып жатқан жаңа көшеге "Тәуелсіздік" атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

3. Осы шешім Тимирязев ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

Ауылдық округ әкімі

"КЕЛІСІЛДІ" 2012 жылғы 19 сәуір

"Солтүстік Қазақстан облысы

Тимирязев ауданының мәдениет,

тілдерді дамыту, дene шынықтыру

және спорт бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

С. Байдалина

Андрей Андреевич

Меркель

"Солтүстік Қазақстан облысы

Тимирязев ауданының құрылыш бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Сайлаубай Әшімұлы

Күшбасов